**Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы**
**«Геодезия және картография колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны**

**Бекітемін**
**Колледж директоры**
**_______________ Б.А.Салакчинов**
**«___» ___10___ 2016 ж.**

# ЖАТАҚХАНАДАҒЫ КЕЗЕКШІ ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

**Семей қ.**

## 1.Жалпы ереже

Жатақханадағы тәртіпті, тұру ережесін қадағалау, санитарлық, электр қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігін қадағалау үшін мереке және демалыс күндері оқытушылар кезекшілігі ұйымдастырылады.

## 2.Кезекшілікті ұйымдастыру

2.1. Кезекшілікке колледж оқытушылары жұмылдырылады.

2.2. Оқу орнының әкімшілігімен ай сайын кезекшілік кестесін құрылып, колледж директоры бекітеді.

2.3. Кезекшілікті әкімшілік ұйымдастырып, қадағалайды.

2.4. Оқытушылар кезекшілік кестесіне сәйкес сағат 11.00-ден 15.00-ге дейін кезекшілік атқарады. Кезекші тәрбиеші келген уақытқа дейін.

2.5. Кезекшілік кезіндегі барлық ұсыныстар мен ескертулер жатақхана вахтерында болатын кезекшілік тіркеу журналына жазылады.

## 3.Кезекші оқытушылардың міндеттері

3.1. Кезекші оқытушы жатақханада кезекшілік кестесіне сай кезекшілікті атқарады.

3.2. Күндізгі уақытта жатақханадағы тәртіпті қадағалайды.

3.3. Жатақхана қабаттарының тәртібін қамтамасыз етеді.

3.4. Кезекшілік кезінде студенттерді түгендейді.

3.5. Кезекші оқытушы кезекшілік кезінде жатақхананың ішкі тәртібін қадағалауға жауапты.

3.6. Студенттер қандай да бір тәртіпті, санитарлық, электр және өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзған жағдайда төтенше шараларды қабылдайды.

3.7. Студент жатақханадан кеткен жағдайда кезекші оқытушыға хабарлайды. Кезекші оқытушы ата-анасына, топ жетекшісіне, кезекші тәрбиешіге немесе әкімшілікке хабарлайды. Жазылған өтінішті кезекші тәрбиешіге тапсырады.

3.8. Жатақханаға бөгде тұлға кіргізбейді.

3.9. Кезекшілік кезінде оқытушы студенттер мен жұмысшылар арасында жоғарғы лауазымды тұлға болып саналады да, оның нұсқауларын орындауға міндетті болып табылады.

## Әкімшілік міндеттері

4.1. Колледж әкімшілігі және жатақхана аға тәрбиешісі кезекшілік кезіндегі кезекші оқытушылардың келуін қадағалайды.

4.2. Кезекші оқытушы келмей қалған жағдайда жатақхананың аға тәрбиешісі колледж әкімшілігін хабардар етеді.